

ӨТЕБАЙ ТҰРМАНЖАНОВ



МАЛСАҚ БАЛА

Сабақтың мақсаты



Оқушыларға Өтебай
Тұрманжановтың
өмірі және
шығармашылық
жолын таныстыра
отырып, өлеңнің
мазмұны мен идеясын
түсіндіру.

Оқушылардың таным
мүмкіншіліктерін,
олардың сын
тұрғысынан ойлауын
дамыту,
шығармашылықпен
жұмыс істеуге, өз
ойларын анық та айқын
дәлелді сөйлеуге
үйрету.

Төрт түлікке деген
сүйіспеншілігін
ояту. Мал
шаруашылығының
маңыздылығын
түсіндіре отырып,
еңбекқорлыққа
шыдамдылыққа
тәрбиелеу.

Сыныппен сәлемдесу



Ал; кәнекей балалар,
Бері қарай қарайық
Қажет құрал кітапты
Алдымызға алайық
Алаңдамай басқаға
Сабаққа назар салайық



1. Өзі үлкен жануар,
Үстінде екі тауы бар.

(Түйе)



2. Аласа ғана бойы бар,
Айналдыра киген тоны бар.

(Қой)



3. Басында таяғы бар, Төрт аяғы бар.
Сегіз тұяғы бар, Иегінде сақалы бар.

(Серке)



4. Өзі жуас, өзі момын,
Бір шешпейді тонын.

(Қой)



5. Тастан – тасқа секіреді,
Қалқиып қос құлағы.
Ойын болып көкірегі
Аула оның тұрағы.

(Лак)



Ребусты шешейік



’ ’



Л

С
Л



Л
Қ





Өтебай Тұрманжанов – 1905 жылы Шымкент облысы, Бөген ауданында Жалғыз ағаш деген жерде дүниеге келген. Ташкентте балалар үйінде тәрбиеленген, интернатта оқыған. Оның барлық жазғандары балаларға арналған. «Қарлығаш», «Құрыш құс», «Сенің кітабың», «Жауқазын» т. б. кітаптары бар. Ақын 1978 жылы қайтыс болған. Балалар әдебиетін негізін қалаушы. Оның «Қошан кедей» әңгімелер жинағы, «Таң сыры» өлеңдер жинағы бар. Ө. Тұрманжанов қырыққа жуық кітаптың авторы. Балаларға арналған нақылдары «Асыл сөздер» деп аталатын кітабы бар.

Оқулықпен жұмыс



- Өлеңде не туралы айтылған?
- Өлеңде қандай жануарлар туралы жазған?
- Атасы немересіне не тапсырды?
- Өлеңдегі иттің аты не?
- Өлеңде иттің пайдасы туралы не делінген?
- Малсақ бала деп кімді айтып тұр?
-
- Балаға қандай мінездеме берер едің?

VI. Мағынаны тану.



Малсақ – малды жаны сүйетін, мал бағуға икемді, мал бағудың шебері.

Малсақ сөзіне байланысты қазақта мынадай ырымдар бар екен.

Бала дүниеге келгенде яғни шыр етіп жерге түскенде қойдың жабағысына орап алады екен. Бала кіндігін кескенде ұл бала кіндігін айғырдың жалына түйіп байлап жібереді. Онысы бала малсақ, малы көп болсын, мал тапқыш болсын дегені екен.



Топпен жұмыс



1 топ.

Малды жамырату

Қойдың төлі –


Ешкінің төлі -

Сиырдың төлі –

Жылқының, биенің

төлі –

Түйенің төлі –



2 - топ.

Малдың иелерін тап.


Қойдың иесі –

Ешкінің иесі –

Сиырдың иесі –

Жылқының иесі –

Түйенің иесі –





3 - топ.

Төрт – түлік қалай дыбыстайды?

Қой

Ешкі

Сиыр

Жылқы

Түйе

“Мал қалай дыбыстайды?”

Camel, Cow, Goat, Sheep, Horse

VIII Ой толғаныс. 2 - тапсырма



1-топ

- Қой малының пайдасы



2 – топ.



Бақташы еңбегі туралы айтар едің?



3 - топ.



Мал шаруашылығы туралы өз ойың.



Білгенге маржан



Қойшылар бағып жүрген қойларының жүні арқылы ауа райын болжай білген. Мәселен, өрісте жүрген қойдың жүнін уыстап көреді. Егер қой жүні құрғақ болса, онда күн ашық болады. Егер жүн дымқылданып, суланып тұрса, онда көп кешікпей жаңбыр жауады.

Тілімізде жүнге байланысты жүн балақ (әлжуаз, әлсіз, ынжық), жүні үрпию (мұздау, тоңу), жүн-жыбыр (ұсақ-түйек) сияқты тұрақты сөз тіркестері, жүндей жұмсақ тәрізді теңеу, «Жүйкесі – жүн, жігері-құм», «Күндіз қойын күтерсің, кешке жүнін түтерсің» секілді мақал-мәтелдер қалыптасқан.



Сахналық көрініс.

Төлдердің айтысы



Бекіту сұрақтары

- Өлеңдегі негізгі ой не?
- Өлеңдегі баланың ісінен қандай үлгі аласың?



Үйге тапсырма

- 1. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқу;**
- 2. Суретпен жұмыс (209-210 беттер)**



БАҒАЛАУ